



Тасада қалған туынды

Абай мұрасын рухани азық етіп келе жатқанымызға жүз жылдың жүзі болды. Әлі де тамырын қопарып, танып болдық деп айта алмаймыз. Жұмбақ жанның сырын шын мәнінде оңай болмай шықты. Сөзімізге тұздық қылғалы отырған туындының бірі – «Китаб тасдиқ». Біз осы күнге дейін аталмыш шығарманың түпнұсқа мәтінін оқымай, тек аудармасымен алданып келіппіз. Былайша айтқанда, Мүрсейіт қолжазбасынан бермен қарай Абайдың «Китаб тасдиқ» шығармасының түпнұсқасы қазақ оқырманына жетпеген. Тек қазақ тіліндегі тәржімәні місе тұтып, оны түпнұсқаға тең көріппіз. Яғни бақырды алтынға балағанбыз.

Абай сонда «Китаб тасдиқ» шығармасын қай тілде жазған? Шағатай тілінде. Яки мұсылман-түркі, яки қадымша, яки китаби тілде. Бәрі бір нәрсе. Қазақтың әдеби тілін түрлендірген Абай тек «Китаб тасдиқ» туындысын осылай өзгеше тілмен жазған. Себебі, «Китаб тасдиқ» – көркем шығарма емес, ғылыми еңбек болатын. Ал, шағатай тілі бүкіл түрік жұрты мың жыл бойы қолданған ортақ тіл еді. Ғылыми һәм әдеби. Ол өрнекпен кезінде Жүсіп Баласағұни, Қожа Ахмет Ясауи, Насреддин Рабғузи, Сәйф Сарайи, Қадырғали Жайлайырилар жазды. «Китаб тасдиқ» – осы күнге дейін бағы ашылмай келе жатқан туынды. Бағы ашылуы үшін ең әуелі оның түпнұсқасы жариялануы керек қой. Түпнұсқа баяғы архив сөрелеріндегі Мүрсейіт қолжазбасының ішінде шаң басып, жағып қалды. Содан бері шығарма А.Байтұрсыновтың жаңаша араб әліпбиімен де, кейінгі латын һәм кирилл алфавитімен де жарыққа шыққан жоқ. Ал, біз оқып жүрген қазақша аударма туындыға өз аты қойылмай, осы күнге дейін «38 қара сөз» деген лақап атпен тарайды.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті жанынан ашылған «Мұхтартану» ғылыми-зерттеу орталығы осы олқылықтың орнын толтырып, мәселеге өз үлесін қосуға талпынып отыр. Осы жолдар авторы осыдан төрт-бес жыл бұрын өзінің талапты шәкірттерінің біріне «Абайдың «Китаб тасдиқ» шығармасындағы көркемдік, танымдық мәселелер» атты дипломдық жұмыс берген. Ол шәкірттің аты-жөні – Әзімхан Исабек. Әзімхан қазір бірдей магистрант. Ол өзінің дипломдық жұмысын сәтті қорғап, осы тақырыпты енді магистрлік диссертация ретінде зерттеп жүр. Жакында ол белгілі арабтанушы ғалым Абдулла Жолдаснен бірге Абайдың «Китаб тасдиқ» туындысының транскрипциясын жасап шықты. Жасап шықты деп айтуға ғала оңай. Бір жері өшіп, бір жері көгеріп, сарғайған парақтардан Абайдың әрбір сөзін, әрбір әрпін танып, оқып шығу оңайға түскен жоқ. Оңша-мұнша оқылмаған тұстары да бар әзірше. Транскрипция М.Әуезовтің мұражай үйіндегі Мүрсейіт қолжазбасына сүйеніп жасалды (ЛММА. Кипр-1, №351). Қолжазбаны қолға түсіруге қол ұшын берген мұражай директоры Диар Қонаевқа айтар алғысымыз шексіз. Алда атқарылар істер шап-етектен. Сөйтсе де, осы маңызды жаңалықты ел-жұртпен бөлісуді жөн көріп, мәгінді жариялауға беріп отырмыз. Оқырман Абайдың тасада қалған туындысын оқып, рахаттанып, ләззат аласын деген оймен. Ғасыр қойнауынан аршып алынған Абай атамыздың мұрасын бүгінгі ұрпақ тосырмап, жатырқамай қабылдайды деген үміттеміз. Кезінде атақты профессор Әуелбек Қоңыратбаев: «Абайдың ең қиын-қыстау ойларының бірі 38-інші қара сөзі. Бұған әзірге ешкімнің тісі батпай жүр» деген еді (Ә.Қоңыратбаев. Қазақ эпосы және түркология//Фараби және Абай. Ғылым, Алматы, 329 б). Бәлкім осы басылым тіс батырудың алғашқы баспалдағы болар.

Ақжол ҚАЛШАБЕК,
«Мұхтартану» ғылыми-зерттеу
орталығының аға ғылыми қызметкері